

2 Дильмухамедов Е.Д., Маликов Ф. Очерки истории рабочего класса дореволюционного Казахстана второй половины XIX- начало XX вв. – Алма-Ата: Акад.наук КазССР, 1963. – 270 с.

3 Сулейменов Б.С. Аграрный вопрос в Казахстане последней трети XIX в. – начале XX в. (1867-1907 гг.). – Алма-Ата: АН КазССР, 1963. – 78 с.

4 Сужиков Б. М. Казахская политическая элита и трансформация этнической тождественности на рубеже XIX-XX вв. в зарубежной историографии. // Казахстан в начале XX века: методология, историография и источниковедение. - Алматы.,1993. - С.83-96.

## КОРЕЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК АЛУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ ЖОЛЫ

Әлібеков А.Д.

М-МО-22-1к тобының магистранты

Ғылыми жетекші: Смагулова Г.М., т.ғ.к, профессор

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
Қарағанды қ., Қазақстан

«Азия жолбарыстары» қатарында тұрған бүгінгі Корея Республикасы ауыр да қиын жолдарды басынан өткізген Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің бірі. XX ғасырдың басында Корея әлемдегі экономикалық жағынан артта қалған елдердің бірі еді. Екіншіден Кореяға әртүрлі мақсатта көз тіккен мемлекеттер де болды. Әсіресе Ресей империясы, Жапония мен Қытай елдері Кореяны өз саясаттарына пайдаланғысы келді. Екі мемлекетке қарағанда Жапонияның стратегиялық саясаты үстем болып, яғни жапондықтар Корея территориясын басып алды. Ол екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғанға дейін жалғасты. Соған қарамастан корейлер бірнеше мәрте өз тәуелсіздіктері үшін қозғалыстар ұйымдастырып, жапондықтарға қарсы күрестер ұйымдастыра білді. Солардың ішіндегі ең маңыздысы 1919 жылы 1 наурызда Сеулде жарияланған Тәуелсіздік Декларациясы болды. 33 оңтүстіккореялық патриоттар қол қойған бұл тарихи құжаттың мәні де маңызы да зор. Ол былай деп басталады: *«Мы в настоящем заявлении провозглашаем, что наша Корея — это независимое государство и что корейцы - это самостоятельный народ. Обращаясь этим заявлением ко всем странам мира, мы демонстрируем истинность великого принципа равноправия всех людей. Давая этим наказ всем поколениям наших детей и внуков, мы навеки утверждаем законное право самостоятельного существования нации. Мы провозглашаем это, опираясь на авторитет нашей пятитысячелетней истории. Мы широко оповещаем об этом, основываясь на едином чувстве преданности родине нашего двадцатимиллионного народа. Мы настаиваем на этом во имя постоянного последовательного свободного развития нации. Мы поднимаем вопрос об этом, чтобы вместе со всеми идти в ногу со временем великого преобразования мира, основанного на проявлениях человеческой совести. Это - ясное веление Неба, великая тенденция эпохи, законное проявление права всего человечества на совместное существование, на общую жизнь. И ничто в Поднебесной не может затормозить и сдержать это...»* [1]. Декларацияның осы жолдарынан корейліктердің өз тәуелсіздіктері үшін жапондық отарлау саясатына қарсы күресуге дайын екендіктерін көрсетеді. Кореядағы бұл демонстрациялар толқыны бүкіл әлемге егемендікке ұмтылыстарын паш етті. Демонстрацияларды жапон полициясы басып тастады, олар 7 мыңға жуық адамды өлтірді, одан да көп адам қамауға алғандығы туралы Интернет сайттарында ақпараттар көп кездеседі. Сондай ақпараттардың бірін Қазақстанда тұратын корейлер жариялаған сайттан оқуға болады. Онда «Что значит для нас Первоапрельское движение за независимость Кореи» деп мақаланың өзінің аты айтып тұрғандай [2], 1 наурыз қозғалысы басталған күн

жапон отаршылдығынан тәуелсіздік алу үшін қарсылық қозғалысының ресми басталғандығын растап тұр. Мақалада көрсетілген 1919 жылғы 1 наурыз қозғалысына қатысқан корейліктердің ұрпақтары бүгінде Қазақстан жерінде тұрып жатқандығы біз үшін қызықты мәлімет болып есептеледі.

1 наурыз қозғалысы өз мақсатына жете алмағанымен, жапондар тарапынан аяусыз басып-жаншылғанына қарамастан, корейлердің ұлт-азаттық күресінің барысына орасан зор әсер етті. Сондықтан 1949 жылдан бастап Корея Республикасында 1 наурыз мереке күні болып жарияланды.

1919 жылдың 20 тамызында Жапония императорының атынан енгізілген «Мәдени басқару» дәуірі Кореяда шамамен он жылға созылды. Бұл кезде әлемдік экономикалық дағдарыс басталып, ол сол дәуірде әлемдік экономикада маңызды рөл атқарған Жапонияны және онымен бірге Кореяны басып алды. Кореядағы дағдарыс жылдарында өнеркәсіптік өндіріс айтарлықтай төмендеді. Жұмысшылардың жалақысы 30-50%-ға төмендеді, жұмыссыздар саны 200 мыңға жетті [3]. Осылайша, Кореяның әлемдік экономикалық дағдарысқа тартылуы, басқалармен қатар, жапондық отарлауға наразылықтың тағы бір себебі болды.

1930-шы жылдардың басында жапондықтар тарапынан болашақта корейлерге белгілі бір автономия беру туралы айтылғанымен, аяғында жапон саясаты түбегейлі өзгерді. 1937 жылы 7 шілдеде Маньчжоудың Оңтүстік шекарасындағы Лутуцяо көпірінде жапондықтардың жаңа арандатуы ауыр және ұзаққа созылған жапон-қытай соғысының басталуына себеп болды. Соғыс басталған кезде Жапония ұлттық-патриоттық қозғалыстың кез-келген көріністерін жоюға, корей мәдениеті мен корей ұлтын жоюға бағытталған қатаң саясат жүргізді.

Екінші дүниежүзілік соғысқа Корея негізінен аграрлық экономикасы бар әлемдегі ең кедей елдердің бірі ретінде келді.

Жапондықтардан азаттық алу жолындағы күрес 1945 жылға дейін созылды. 1945 жылы ақпанда антигитлерлік коалиция елдері жапон әскерлерінің өз еріктерімен берілулерін талап ету мақсатында Корея аумағына әскер жіберу қажет деп шешті. Кеңес әскерлері Кореяның солтүстігіне, ал американдық әскер түбектің оңтүстігіне енгізіліп, кеңес-американ арасындағы бөлу сызығы 38-ші параллель бойымен жүргізілді. 1945 жылы 15 тамызда 38-ші параллельдің солтүстігінде орналасқан жапон әскерлері Кеңес қарулы күштеріне, ал оңтүстікте орналасқан әскерлер американдықтарға тапсырылды. Осы кезден бастап Корея түбегінде екі мемлекет: солтүстікте – Корея Халық Демократиялық Республикасы және оңтүстікте – Корея Республикасы пайда болды. Осылайша 15 тамызда Корея Республикасы тәуелсіздік алған күнін жариялады. Міне, бүгінде әлемдік қауымдастықта озық экономикасымен танымал болған, «азия жолбарысы» атанған, жаңа индустриалды елдер толқынының бірінші қатарына кіретін Оңтүстік Корея тарих сахнасына осылай көтерілді.

Оңтүстік Кореяның соғыстан кейін экономикасының көтерілуіне тікелей АҚШ себепші болды. АҚШ 1954-1959 жылдары шамамен 1,5 миллиард доллар субсидиялар мен «даму несиелерін» берді. Бұл ақша негізінен американдық азық-түлік және тұтыну тауарларын сатып алуға жұмсалды, оның аз ғана бөлігі өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының өндірістік инфрақұрылымын қалпына келтіруге жұмсалды.

1961 жылдан бастап Оңтүстік Корея экспоненциалды экономикалық өсуді көрсете бастады. Бұл 1960-1980 жылдары Оңтүстік Корея экономикасының қарқынды өсуі дамудың либералды моделіне дәлел ретінде келтіріледі [4].

Сол кездегі жаңа президент Пак Чон Хи ел экономикасының дамуын жеделдету мақсатында шетелдік инвестицияларды тартуға, экспорт көлемін ұлғайтуға және экономиканы индустрияландыруға бағыттаған экономикалық саясатты жүргізді. Мемлекет қоғамның экономикалық өмірінде маңызды рөл атқара бастады. Президент жоспарлы экономиканың элементі ретінде — бес жылдық экономикалық жоспар енгізді. Аталған стратегия, яғни экономиканың өнеркәсіптік секторына және елдің экспортқа

бағытталған даму стратегиясына сүйене отырып, ел Үкіметі экономикадағы өнеркәсіптік және аграрлық бағыттар арасындағы алшақтықты жасанды түрде ұлғайтты, бірақ өкінішке орай бұл 1970 жылдардың басында үлкен проблемаға айналды.

1970 жылдардың басында Корея Республикасының экономикасындағы өнеркәсіптік секторы көптеген қиындықтарға тап болды. Үкімет бұған ауыр және химия өнеркәсібін қаржыландырудың ұлғаюымен және экономиканың капиталды қажет ететін және жоғары технологиялық салаларына инвестиция салумен жауап қайтарды, бұл инфляцияның өсуіне себеп болды. Капиталды көп қажет ететін өнеркәсіпке құрылымдық ауысу күрделі болды. 1970 жылдардың аяғында әлемдік энергетикалық дағдарыс орын алып, мұнай бағасының өсуіне әкеліп соқтырды және ол оқиға Оңтүстік Корея экспортының көлемін шектеді. 1980 жылы Оңтүстік Корея экономикасы уақытша дағдарысқа ұшырады. 1962 жылдан бері алғаш рет Ұлттық экономика теріс өсуді көрсетті, бұл инфляцияның өсуіне әкелді.


1980 жылдардың басында осы мәселені шешу үшін ел Үкіметі кең ауқымды экономикалық реформаларды бастады. Инфляцияны тежеу мақсатында мемлекеттік шығыстар азайтылды және бірнеше қатаң фискалдық шаралар қабылданды. Ауқымдылықтан қорқыну жүргізілді, шығындар азайды, Үкіметтің экономикаға араласуы айтарлықтай төмендеді. Шетелдік инвесторлар үшін өте қолайлы және еркін жағдайлар жасалды. Қала мен ауыл арасындағы алшақтықты азайту үшін Үкімет жол құрылысы, байланыс желілерін құру және ауыл еңбегін механикаландыру сияқты жобалар ұсынып, инвестиция көлемін ұлғайтты. Бұл шаралар әлемдік экономиканы жалпы сауықтырумен қатар, Корея Республикасының экономикасына 80-ші жылдардың екінші жартысында бұрынғы өсу деңгейіне шығуға көмектесті.

Мұндай өсу деңгейі әрине өз жемісін көрді. 1980 жылдардың аяғында ішкі нарық экономикалық өсудің негізі болды. Автомобильдерге және басқа да қымбат тауарларға сұраныстың өсуі халықтың төлем қабілеттілігінің жалпы өсуіне байланысты айтарлықтай өсті. Нәтижесінде Үкіметтің экономикалық саясаты, бұрын корей тауарларын экспорттауға бағытталған, өзін-өзі қамтамасыз ету бағытында өзгерді, бұл басқа мемлекеттерге тәуелділіктің төмендеуіне әкелді. Әсіресе сол жылдары қызмет көрсету секторы қарқынды дамыды. Ал 1990-шы жылдары Корея Республикасы әлемдік экономикада тығыз интеграциялары және халық табысының қарқынды өсуімен ерекшеленді [5]. Оны төменде берілген суреттерден көруге болады (**қараңыз:** сурет 1, сурет 2).

Қазіргі уақытта Оңтүстік Корея экономикасы ең алдымен электроника, тоқыма, автомобильдер сияқты тұтыну тауарларын өндіруге, медицина, косметика, сондай-ақ ауыр өнеркәсіп секторына: кеме жасау, болат өндірісіне негізделген. Осы өндіріс салаларының өнімдері экспорттың негізгі қайнар көзі болып табылады.

Сурет 1

Корея Республикасының 1910-2008 жылдары арасындағы ЖІӨ өсу қарқыны




Дерек: The GDP growth rate of the Republic of Korea in 1910-2008 // <https://www.mofa.go.kr>)

Осылайша Корея Республикасы жарты ғасыр ішінде корея соғысы кейін қираған аграрлық елден өркендеген жоғары технологиялық экономикаға айналды. Бұл үрдіс «Ханган өзеніндегі ғажайып» ретінде танымал [6].

Сурет 2.

Корея Республикасының 2012-2022 жылдары арасындағы ЖІӨ өсуі



Дерек: Infographics of the GDP growth of the Republic of Korea for 2012-2022 // <https://www.mofa.go.kr>

Жоғарыдағы екі суреттен байқағанымыздай Корея Республикасының жалпы ішкі өнімі жыл сайын арта түсуде. Сол бойынша Корея Республикасының даму деңгейі бойынша әлемдік экономикадағы орнын анықтауға болады. Мысалы, 2019 жылдың ортасындағы жағдай бойынша Оңтүстік Корея экономикалық даму деңгейі бойынша дүние жүзі бойынша 11-ші орында тұрды. Ал 2022 жыл әлі аяқталмағандықтан, биылғы жылдың көрсеткіші туралы әзірше айтуға толықтай негіз жоқ.

Қорыта келе, бүгінгі күнгі Корея Республикасының жеткен ғажайып жетістіктері және «Азия жолбарысы» деп аталғаны - Президент Пак Чон Хидың және Үкіметтің арқасы деп айтуға болады. Кезінде Пак Чон Хи экономикалық дамуда орталықтандырылған басқару шешуші рөл атқаруы керек деп дұрыс айтты. Үкіметтің шаралары нәтижесінде қалыптасқан экономика құрылымы интервенционизмнің де, еркін сауданың да элементтерін қамтыды. Ауқымды ұлттандыру жүргізілді. Бүкіл банк жүйесі мемлекеттің бақылауына өтті. Пак Чонхи Үкіметінің басты экономикалық мақсаттары маңызды өнеркәсіптік салаларды күшейту, жұмыссыздықты азайту және тиімді басқару әдістерін әзірлеу болды. Экспорт деңгейін арттыруға бағытталған шаралар Оңтүстік Корея тауарларының бәсекеге қабілеттілігі мен еңбек өнімділігін арттыруды білдірді. Электроника, кеме жасау және автомобиль өнеркәсібі негізгі салалар ретінде танылды. Үкімет осы салаларда жаңа өндірістердің ашылуын барлық жағынан ынталандырды [7].

Міне, осылайша Корея Республикасы кедей мемлекеттен қысқа мерзім ішінде әлемнің алдыңғы қатардағы келе жатқан мемлекет ретінде өзін көрсете білді. Дұрыс саясат, жақсы экономикалық жоспар, сондай-ақ еңбекқор халық — елдің дамуының нәтижесі деп айтсақ қателеспейміз және басқа елдерге үлгі бола алады деп үлкен сеніммен айтуға болады.

**Пайдаланылган әдебиеттер:**

- 1 Декларация независимости 1 марта 1919 года (перевод Курбанова С.О.) [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік тәртібі: <https://korea365.ru/1-march-movement/>
- 2 Юлия НАМ. Что значит для нас Первомартовское движение за независимость Кореи [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік тәртібі: <https://koreans.kz/news/chto-znachit-dlya-nas-pervomartovskoe-dvizhenie-za-nezavisimost-korei.html>
- 3 Глава 10. Движение за независимость Кореи в 1920-1930-е годы внутри страны [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік тәртібі: <http://koresaram.kz/glava-10-dvizhenie-za-nezavisimost-korei-v-1920-1930-e-gody-vnutri-strany/>
- 4 Суслина СС. Промышленность Южной Кореи (экономическое развитие и социальные последствия). - М., 1988.
- 5 Суслина С. С. Республика Корея на постиндустриальной стадии развития (конец 80-х - начало 90-х годов XX века). - М., 1997.
- 6 Боровой Я. Чудо на реке Ханган // Новое время. - 1995. - № 47. -С. 34-36
- 7 Экономика Республики Корея: секреты поступательного роста [Электрондық ресурс]. Қолжетімділік тәртібі: <https://zagranportal.ru/koreya/finansy-koreya/ekonomika-korei.html>
- 8 Жуков С. Роль государства в сотворении «южнокорейского чуда» // Российский экономический журнал . - 1993. - № 5. - С. 98-104.